

маңызын жоғалтпақ емес. Адамзаттың қазіргі түйіні шешілмей тығырыққа тірелген мәселелерінің көпшілігі рухани жұтаңдық пен надандықтан бастау алатындықтан, әр адам ойшылдарымыздың өсиетіне жиі жүгініп, жан дүниесінің толығына мән бергені абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай. Қара сөздері. Поэмалар., – Алматы, 1993, -140- б.
2. Адам бол! Что это значить, – Алматы, – Астана, –Қарағанда, 2006, -360с.
3. Шакәрім (Құдайбердіұлы Ш.), – Алматы, 2003.-269-б.

«СӨЗ» КОНЦЕПТІНІҢ АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА РЕПРЕЗЕНТЕЛУІ

*Иманбердиева С.Қ.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.*

Әлем бейнесі когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Ал ғаламның кез келген ұлттық, тілдік бейнесінің әмбебаптығы өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және концепт болып табылады. Осы тілдік механизмдер негізінде ғалам бейнесі танылады, ал тілді игеру, табиғи тіл механизмін түсіндіру үшін білім жинау, қолдану, оны түсіну моделін құрау тұрғысынан зерттеледі. Концепт құрылымын құрастыру үшін концепт көрініс берген барлық тілдік корпусты (лексикалық бірліктер, фразеология, паремиологиялық қор), тілге тән ерекше эталон-образдан көрініс беретін тұрақты теңеулер жүйесін қоса зерттеу қажет [1].

«Сөз» концептінің қазақ халқының лингвомәдениетінде өте ұзақ тарихы бар, бұл тілде молынша көрініс табуымен (*сөз, аталы сөз, сөз беру, сөзгер, сөзгерлік, сөзсіз, сөзуар, сөзшең* т.б.), көптеген мақал-мәтелдер, афоризм, көркем шығармаларда, фразеологизмдерде, қолдануымен дәлелденеді.

«Қазақ аталы сөзге тоқтаған» деу арқылы қазақтың ұлттық болмысын көрсете білген. Қазақ халқының ұлттық ғалам бейнесін айқындауда Абай шығармаларының маңызы қаншалықты зор десек, шығарманың тірек компоненті болып табылатын «сөз» компонентінің аттас концептінің мәнін ашуда маңызы ерекше. Осыған байланысты Абайдың шығармаларында сөз компонентін қоршаған ортамен, материалды дүниемен салыстыра отырып, өзінің танымынан, дүниені қабылдауынан, қандай да бір ой түйінінен ақпарат береді. Болмысты

қабылдауда адамзат міндетті түрде алдында танып білген дүниемен салыстырып барып кейінгіні түйсігімен қабылдаған. Сондықтан да кез келген тілдік бірліктерді салыстыру акті орын алады. Образдық, пішімдік салыстырулар аса қызығушылық тудырады. Бұл мақалада сөз компоненті негізгі тірек кілт болып табылатын Абай шығармалары негізінде «сөз» концептінің метафоралық репрезенттелуі зерттеледі. Сөз бұрындары таза лингвистикалық бірлік және абстрактілік ұғымретінде қабылданса, енді метафора, салыстыру негізінде адам қолданысындағы ұрлық-қарлық, қулық, ұлғаятын, өрбитін процесс ретінде танылады.

Сөз салыстыру нысаны ретінде әртүрлі ассоциациялар тудырады. Сондықтан да біз мақалада сөз компонентінің кейде қолайлы, «жұмақ» ретінде қабылданатыны жөнінде сөз етеміз. Мысалы:

Сөзімде жаз бар шыбынсыз,

Мұнда сөз компоненті *шыбынсыз жаз тіркесі* негізінде қолайлы, яғни жұмақ ретінде қабылданып, өзектіленіп тұр.

Қабылдану тұрғысынан ақын шығармаларында сөз ертегі, яғни жалған не рас болуы мүмкін, сонымен бірге ол – ұрлық-қарлық, қулық:

Бұл сөзден ертегіні тез үйренбек.

Рас сөздің кім білер қасиетін,

Ақылсыз шынға сенбей, жоққа сенбек.

Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық,

Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.

Бірінші жолдарда сөздің мағынасы жалған//рас нәрсені ажырата білу қабілетіне меңзеп, осы арқылы адамның ақылдылық деңгейін анықтауды көрсеткен. Ал келесі жолдардағы сөздің бағыты, сарыны туралы айтылған, яғни жұрт тек қулықпен пайда табу сөз болғандығы.

Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық,

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,

Үзілмес үмітпенен бос қуардық.

Бұл жолдарда «сөзді» бағалау үшін адамда ұғыну//ұғына білу қабілеті болу керек. Бұл қабілеттің тәрбиемен келетініне ұлы ақын меңзеп тұр.

Келесі жолдардасөз компоненті адамға рухани күш, қуат, нәр береді. Мәселен: Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық, Кім көңілді көтеріп, болады ермек? Мұнда жақсы, жағымды мәнде айтылған сөз біреуге бақыт, игі жақсылық сыйлайды дегенді білдіреді. Бұл пікірді академик Ә.Қайдардың еңбегінен де табуға болады: «...адамға не туралы болса да жақсы-жағымды сөз айтып, оң пікірін білдіріп, көңілін көтере сөйлеу – жартылай бақыт, зор қуаныш сыйлаумен барабар. Өйткені адам көңілі – сезімтал әрі нәзік, ал сөз болса, адам жанына жарық сәуле беріп, жадырата түсетін құдіретті күш [2, 306]. Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда – деген өлең жолдарда Абай саналы адамның сөзі де пішімді болатынын аңғартады. Біреудің жанына жара салмау үшін айтар сөзді ойланып барып, екшеп алып барып айту қажет дегенді білдіреді.

Келесі жолдарда әр адам өз пайдасын көздеп, бетіне күле қарап, сырттан даттап, дұрыс жасадым деп ойлау негізінде өзін шеберге балаған. Сондықтан осы сияқты астамшылдықтан сақтандыру мақсатында Абай келесі жолдарды арнаған:

Сәлем – борыш, сөз – қулық болғаннан соң,
Қандай жан сырттан сөз боп, сыналмай жүр?

Адамның хайуаннан айырмашылығы – сөйлей алуында, алайда саналының да, санасыздың да аузынан сөз шығады. Сонымен бірге адам шенді//шенсіз, күшті//әлсіз, білімді//надан болып бөлінеді. Осылардың сөз қолданысына орай ақын жағымды//жағымсыз коннотациялар тұрғысынан көрсеткен:

Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Бұл жолдардан сөзді қабылдаушы тұрғысынан бағаланғанын аңғарамыз, яғни күштінің сөзін қабылдау деңгейін *шыбындап* лексикалық бірлік анықтап тұр: шыбын жаны тіркесіне меңзейді. Демек, күштінің сөзіне құлақ аспаса, зәбір көруі мүмкін. Ал әлсіздің сөзіне шала мән бергенін *қырындап* лексикалық бірлік аңғартады, яғни әлсізге қарағанда тыңдаушы позициясы күштірек.

Сонымен бірге *сөз* – Абай шығармасында мәңгілік белгісі, есімін ел есінде қалдыру құралы:

Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Немесе:

Асау жүрек аяғын шалыс басқан
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Мұнда *сөз* компоненті арқылы *рух, кеңес* абстрактілі ұғымдар негізінде ұлттық ғаламның бейнесі көрсетіліп тұр. Санада қалыптасқан ойды тіл арқылы *сөз* негізінде жеткізуді меңзеп, оны себепші ретінде келтірген.

Сонымен бірге ақын шығармаларында *сөз* – процесс нәтижесі, жалғасы ретінде қабылданады:

Айтатұғын сөзім бар,
Салсын құлақ ұққандар,
Өрбі, сөзім, өрбі енді!

Мұнда сөйлеудің негізінде жүйелі//жүйесіз сөз шығып тұр, яғни бұл бір үдерістің нәтижесі. Алайда бұл соңғы нүктесі емес, ол ары қарай дамиды, жалғасын табады.

Ақын шығармаларында *сөз* – бір нәрсенің себепшісі – араздық, өсектің, мақұлдау//мақұлдамау, құптау//құптамаудың, анду, бағу, абайлау, ойлаудың:

Иттей қор боп, өзіне сөз келтірмек.

Желіккен жауың кез болса,
Араздығы сөз болса,
Сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме!

Абай шығармаларында сөз компонентін жағымды да жағымсыз коннотацияларда қолдана білген. Мәселен, ақылсыз адамнан жөні түзу, жүйелі сөз шықпайды, мысалы: Сөзінің жөні жоқ, Ақылсыз томырық деген жолдарда санасыз адамның сөзбен сөзді байланыстырып, қисынын келтіріп айтуға қабілеті жетпейтіндігін көрсеткен. Бұған антитеза ретінде, керісінше, ақылды адам өз сөзі ғана емес өзге сөзін де жүйеге келтіріп ұғына алатынын мынадай жолдармен келтірген:

Буулы сөзің
Әсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп тұғырыға.

Ақын үшін оқыған білімді тұлға кез келген сөзді ұға біледі, ал надандар сөздің парқын білмей, сөзді орынсыз қолданады:

Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Елерме, жынды сөзденіп,
Жасынан үлгісіз шіркін,
Не қылсын өнер ізденіп.

Сонымен бірге, Абай шығармаларында *сөзді* анықтағыш лексемалар қолданылған. Мысалы: *ыстық, абыройлы, әрбір, бір, бір ауыз, бұл, сенімді, сарынды, қисыны кеткен, жынды, рас* т.б.:

Оязғасөзімсенімді.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай.
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер

Ақын шығармасында өз сөзіне кісі сөзі қарсы қойылып, антитеза жасаумен қатар, оны қостап, бір жерден шығып тұрғанын аңғартатын жолдары да кездеседі. Мәселен:

Буулы сөзің
Әсерлі адам ұғылына.
Кісінің сөзін ұққыш-ақ өзің,
Қисығын түзеп тұғырыға.

Мұнда Абай сөзің тұлғасында, яғни II жақтағы тәуелдік формасы кісі сөзін тұлғасына қарсы қойылып тұр, яғни өз-өзге бинарлық позиция айқын байқалады.

Қорыта айтқанда, образды теңестіруде метафора тірек рөл атқаратыны анықталды. Дж. Лакофф пен М. Джонсонның пікіріне сәйкес [3], адамзат «метафорамен өмір сүреді» және «метафоралардың арасында өмір сүреді» деген факт тілде *сөз* сияқты көп қырлы нысан тірек болып табылатын Абай шығармалары арқылы көрініс беретіні өз кезегінде

дәлелденді. Осы арқылы біз қазақ халқының ұлттық ғалам бейнесін айшықтағанын аңғардық. Өз танымы арқылы қоршаған ортаны, ойды қабылдауы құрамында сөз компоненті негізгі рөл атқаратын ұлы ақын шығармалары негізінде анықталып, дәлелденді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Пименова М.В. Предисловие // Введение в когнитивную лингвистику. Под ред. М.В. Пименовой. – Кемерово, 2004. – 208с.
2. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Тоғанай Т, 2004, 560 б.
3. Lakoff G., Johnson M. Metaphors We Live By. – Chicago & London, 1980.

«АБАЙ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

*Қурманова З.К.,
С. Сейфуллин атындағы ҚазАТУ, Нұр-Сұлтан қ.*

«Абай» журналы жөнінде біраз деректерді қазақ баспасөзін зерттеушілердің ғылыми мақаларынан табуға болады. Иргелі басылымдар «Қазақ», «Айқап», «Түркістан уәләяты» газеттері зерттелсе, ал «Абай» журналы осы уақытқа дейін терең зерттеулер жасалмаған.

«Абай» журналын шығу жөніндегі алғашқы ұсыныс қазақ зиялы қауымы арасында 1914 жылы қабылданған болатын.

Егер алғашқы жасалған ұсыныс кезінде журнал Абайды құрметтеп, атын тарих жүзінде нығайтуға, қазақ қоғамындағы жан-жақты тұлғаның шығармашылығын насихаттауға бағытталған болса, бірінші нөмірінен басылымның әлеумет, саясат, экономика сияқты да қоғамдық маңызы зор тақырыптарға назар аударылатын байқалады.

«Абай» журналы 1918 жылдың 4 ақпанында ғана Семей қаласында шыға бастады. «Абай» журналының өз меценаты болған. Ол Семей қаласындағы ет және тері өнеркәсібінің негізін қалаушы, Мәскеуден алған бірінші гильдияды көпес құжаты бар аса бай миллионер саналған Қаражан Үкібаев 2]. «Абай» журналының негізін қалаушылар, әрі шығарушы редакторлары болып Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов қызметтерін атқарды. Сол кезде Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов «Алаш» газетіне бірігіп «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала дайындаған болатын.

«Абай» журналының қазақ демократиялық баспасөзі мен Алаш идеясын жақтағанын Тұрар Рысқұловтың деректерінен көруге болады. Тұрар Рысқұлов 1926 жылғы «Из прошлого казахской интеллигенции» мақаласында 1905 жылы Әлихан Бөкейханов бастаған қазақ зиялы қауымының Ресей отарлық езгісіне қарсы «Қарқаралы» петициясын